

Педагог қызметкерінің бос орнына конкурс жарияланады

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, мекен-жайы: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Самал көшесі, 74, байланыс телефоны ж.т. 24-05-10, 87771802952, электрондық пошта: shgen_uralsk@mail.kz педагог бос орын лауазымына конкурс жариялайды:

1. Қосымша білім беру педагогы (орыс сыныптарында) — 1 бірлік.

Лауазымдық міндеттері:

Педагогтарға:

- қосымша білім беру саласында білім алушылардың әр түрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады;
- үйірмелердегі, секциялардағы, студиялардағы, клубтық және басқа да балалар бірлестіктеріндегі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің құрамын жинақтайды, оларды оқу мерзімі ішінде сақтау жөнінде шаралар қабылдайды;
- қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақ жоспарлары мен іс-шаралар бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- белгіленген құжаттаманы жүргізеді;
- психофизиологиялық мақсатқа негізделген жұмыс формаларын, құралдары мен әдістерін педагогикалық негізделген таңдауды қамтамасыз етеді;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін анықтайды, жеке тұлғаның дамуына, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің дербес қызметін, оның ішінде зерттеу қызметін ұйымдастырады, білім беру процесіне инновациялық технологияларды қосады, оқытудың практикамен байланысын жүзеге асырады;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды;
- білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесін бағалайды;
- дарынды және талантты білім алушыларды, тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдайды;
- әр түрлі деңгейдегі және бағыттағы іс-шараларға балалардың қатысуын ұйымдастырады;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің каникулдық демалысын ұйымдастыруға қатысады;
- сабақтар өткізу кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалардың сақталуын қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жауапты болады;
- ата-аналарға және оларды ауыстыратын тұлғаларға, сондай-ақ педагогтерге консультациялық көмек көрсетеді;
- әдістемелік кеңестердің, бірлестіктердің қызметіне, педагогикалық шеберлікті арттыруға бағытталған іс-шараларға қатысады;
- жүйелі түрде кәсіби біліктілігін арттырады;
- ішкі тәртіп ережесін сақтайды.

Лауазымдық жалақы мөлшері мен шарттары – 104 058 тенге, жұмыскерге Кодекс пен заңнамада белгіленген тәртіп, көлемі және мерзімімен өтемақы төлемдері жүргізіледі

Біліктілікке қойылатын талаптар:

Педагог:

- тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе өзге де кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе жұмыс стажына талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат;
 - және (немесе) біліктілігінің орта немесе жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі:
 - педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл,
 - педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;
- және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі-кемінде 5 жыл.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 2026 жылдың 3 қыркүйектен бастап 2026 жылдың 11 қыркүйекті қоса алғанға дейін (7 жұмыс күн).

Дүйсенбі – жұма күндері (қоса алғанда) сағат 09.00-ден-18.00-ге дейін.

Түскі үзіліс: 13.00-ден-14.00-ге дейін.

Конкурс 21.09.2026 ж.сағат 10.00-де өтеді.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды қағаз түрінде жолдайды:

- 1) нысан бойынша қоса берілетін 3-қосымшаға құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш ;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді бұйрығымен мемлекеттік тіркеу(тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) нысан бойынша педагогтің бос 12, 13-қосымшаларға немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;
- 11) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса, кандидаттың конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.